

Үміткердің сәйкестендіру
нөмірі:

АҚКК біліктілік КОМИССИЯСЫ

ШІЛДЕ 2024 г.

ҚЕХС бойынша қаржылық есепке алу және есептілік

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған жұмыс дәптерінде жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:
1-тапсырма, 30 балл 50 – 55 минут
2-тапсырма, 20 балл 25 – 30 минут
3-тапсырма, 10 балл 15 – 23 минут
4-тапсырма, 40 балл 60 – 72 минут

Уақыттың жиыны: 150 – 180 минут

- Барлық ақшалай шамалар есептік бірлікпен (е.б.), осы емтиханда қолданылатын халықаралық ақшалай өрнекпен көрсетілген.
 - Қаржылық емес калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-тапсырма (30 балл)

2023 жылдың 1 қазанында «Садовник» компаниясы «Тюльпан» компаниясының 80% қарапайым акцияларын сатып алды. Сатып алынған акциялардың орнына «Садовник» компаниясы «Тюльпан» компаниясының бұрынғы акционерлерінің пайдасына арнап 200 миллион меншікті акцияларын шығарды. «Садовник» компаниясы акцияларының 2023ж. 1 қазанға қатысты нарықтық құны 2 е.б. болатын. «Садовник» компаниясы осындай сатып алуға байланысты 3 000 мың е.б. соманың заң қызметтеріне қатысты шығындарды арқалады, оларды ол инвестициялардың құнына енгізді. «Садовник» компаниясы бақыламайтын үлесті «Тюльпан» компаниясының таза активтерінің құнына пропорционал түрде ескеруге шешім қабылдады. «Тюльпан» компаниясының таза активтері сатып алу сәтіне қарсы оның қаржылық есептілігінде 250 000 мың е.б. баланстық құны бойынша көрсетілген болатын. «Тюльпан» компаниясының таза активтерінің әділ құны төмендегі баптарды санамағанда олардың баланстық құнына сәйкес болып отырды:

- Машиналар мен жабдықтардың баланстық құны 200 000 мың у.е, ал әділ құны 280 000 мың е.б. құрады. Сатып алу сәтіндегі машиналар мен жабдықтардың пайдалы қызмет етуінің болжамды қалған мерзімі 4 жылды құрады. Сатып алған күннен бергі кезеңде негізгі құралдар істен шықпады.
- «Тюльпан» компаниясының материалдық емес активтерінің құрамына «Садовник» компаниясының пікірінше ҚЕХС IAS 38 «Материалдық емесе активтер» бабына сәйкес мұндай активтерді тану критерийлеріне сәйкес келмейтін капиталдандырылған әзірлемелер енгізілді. Мұндай капиталдандырылған әзірлемелердің сомасы 2023ж. 1 қазанға қарсы 12 000 мың е.б. құрады. 1.10.2023ж. және 31.12.2023ж. аралығында «Тюльпан» компаниясы оларға өзіндік құнның құрамында 3 000 мың е.б. соманың амортизациясын қосып есептеді.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы сатудың өзіндік құнына есептен шығарылады. 2023 жылы гудвилл 50% құнсызданған. Гудвиллдің құнсыздануы басқару шығындарына қосылады.

«Садовник» және «Тюльпан» компанияларының 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша пайда мен залалдар және басқа жиынтық табысы туралы есеп берулер төменде көрсетілген:

Есептің бабы	«Садовник» компаниясы, мың е.б.	«Тюльпан» компаниясы, мың е.б.
Түсім	1 275 000	452 000
Сатудың өзіндік құны	(825 000)	(252 000)
Жалпы пайда	450 000	200 000
Коммерциялық шығыстар	(75 000)	(18 500)
Басқарушылық шығыстар	(160 000)	(4 500)
Инвестициялық табыс	50 000	0
Қаржылай шығыстар	(18 750)	(6 000)
Салық салуға дейінгі пайда / (залал)	246 250	171 000
Пайдаға қатысты салық бойынша шығыстар	(54 250)	(25 200)
Бір жылдағы пайда/(залал)	192 000	145 800
Басқа жиынтық табыс, пайдаға қатысты салықты шегергенде:		
Пайда немесе залал деп сыныпталмайтын баптар		
Қаржылық активтерді қайта бағалау	62 500	
Бір жылдағы барлық жиынтық табыс	254 500	145 800

Сатып алудан кейінгі кезеңде «Садовник» және «Тюльпан» компанияларының арасындағы операциялар төмендегідей болды:

2-тапсырма (20 балл)

«Метеор» компаниясы бойынша төмендегідей ақпарат бар:

<i>Көрсеткіш</i>	<i>Сомма, е.б.</i>
1. Шегерілген салықтық міндеттеме, 2023ж. 1 қаңтар	120 000
2. Шегерілген салықтық актив, 2023ж. 1 қаңтар	40 000
3. 2023ж. салық салынатын пайда	125 000
4. 2023ж. 31 желтоқсанына қатысты кумулятивтік салық салынатын уақыт айырмасы	700 000
5. 2023ж. 31 желтоқсанына қатысты кумулятивтік алынатын уақыт айырмасы	250 000

Пайда салығының мөлшерлемесі – 20%. Салықтық заңнама мен қаржылық есепке алудың арасында басқа ешқандай айырма жоқ.

Компания бұдан әрі де пайдамен жұмыс істейді деп күтіледі.

Қажет етіледі:

2.1. 2023ж. бойынша салықтарды төлеуге дейін бухгалтерлік пайданың сомасын есептеу

2.2. 2023ж. бойынша төлеуге жататын пайдаға салынатын салықтар және шегерілген пайдаға салынатын салықтарды көрсету үшін бухгалтерлік жазбаларды дайындап қою

2.3. «Пайдаға салынатын салықтарды төлеуге дейінгі пайда» жолынан бастап пайдаға салынатын салық бойынша шығыстарды көрсететін 2023ж. пайда мен залалдар туралы есеп берудің бөлімін құрастырыңыз.

2.4. 2023ж. салықтың тиімді мөлшерлемесін есептеңіз

3-тапсырма (10 балл)

2023 жылғы 01 қазанда компания өз бөлімшелерінің бірін 9 100 мың е.б. сомаға сататыны туралы хабарлады. Компания мәмілені келесі жылдың наурыз айынан кешіктірмей жүзеге асыруды көздеп отыр. Бизнесі сату бойынша тікелей шығындар мәміле құнының 3%-ы көлемінде бағалануда.

Бизнесі сату туралы хабарландыру күніне қатысты істен шығару тобының баланстық құны 9 339 мың е.б. құрады, соның ішінде:

- Гудвилл – 52 мың е.б.
- Материалдық емес активтер – 344 мың е.б.
- Негізгі құралдар – 6 536 мың е.б.
- Таза айналымдық активтер – 2 407 мың е.б.

1 қазанда бөлімшенің сатылатын активтерінің ешқайсысы анық құнсыздануға ұшырамады. Осы күні таза айналым капиталы құрамындағы қорлар мен дебиторлық берешек олардың өтелетін құнынан аспайтын құн бойынша көрсетілді.

Қажет етіледі:

Сату туралы шешім қабылдаған күнге (2023ж. 1 қазанына) қатысты:

3.1. Істен шығу тобының құнсыздануынан болған залалды есептеу.

3.2. Істен шығу тобы құрамындағы негізгі құралдардың баланстық құнын есептеу.

2023 жылдың 31 желтоқсанына қатысты:

3.3. Компанияның сатылатын бизнеске қатысты бағасы 1 қазаннан бастап айтарлықтай өзгермегенін ескере отырып, шығу тобының құрамындағы негізгі құралдардың құнын анықтаңыз. Жауабыңызды түсіндіріңіз.

4-тапсырма (40 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. 20 сұрақтың барлығы бойынша жауабыңызды жауаптар парағында белгілеңіз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1 Компания есептілік күнінен бастап қандай кезең бойы Қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сәйкес белсенді түрде жұмыс істейтін болады?

- а) 6 ай;
- б) бір жыл;
- в) бес жыл;
- г) жақын болашақта.

4.2 Төменде телекоммуникациялық компанияның кірістері мен залалдары туралы және басқа да жиынтық кірістері туралы біріктірілген есептен үзінді келтірілген.

Өнімді сатудан түскен пайда	X
Жалақы мен әлеуметтік аударымдарға қатысты шығыстар	X
Амортизациялық аударымдар	X
Байланыс операторларының көрсетілетін қызметтері бойынша шығыстар	X
Материалдар, жөндеу және қызмет көрсету, коммуналдық қызметтер	X
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуынан болған пайда	X
Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржылай активтердің құнсыздануынан болған залалдар	X
Өзге табыстар	X
Өзге шығыстар	X
Пайда	X

Компанияның операциялық қызметі бойынша шығыстар қандай белгі бойынша топтастырылған?

- а) өзіндік құнның құрылымына сәйкес;
- б) шығыстардың сипаты бойынша;
- в) шығыстардың арналу мақсаты бойынша;
- г) өндірілетін өнімнің сипатына сәйкес.

4.3 2021 жылдың 1 қарашасында компания жылыжай комбинатын салуға 5 жыл мерзімге несие алды. Сол айда объект орналастырылатын жер учаскесі сатып алынды. Компания жобалық және дайындық жұмыстарын 2022 жылдың сәуір айында бастады. Учаскедегі объектінің құрылысы тікелей 2022 жылдың маусымында басталды. 2022 жылдың желтоқсан айының басында объектінің құрылысы құрылыс салушылардың басқа объектіге ауыстырылуына байланысты уақытша тоқтатылды және 2023 жылдың наурызында қайта жалғасты.

Барлық дерлік құрылыс жұмыстары 2023 жылдың тамызында аяқталды. 1 қазанда комбинаттың ашылу салтанаты болып өтті, ал қараша айында компанияның алғашқы жылыжай өнімдері дүкен сөрелерінде пайда болды.

Пайыздар қанша ай ішінде капиталдандырылады?

- а) 12 ай;
- б) 14 ай;
- в) 17 ай;
- г) 19 ай.

4.4 Компания сауда биржасында сатылатын акциялар пакетін сатып алды. Бұл инвестиция компанияға акциялардың эмитентін бақылау немесе оған айтарлықтай ықпал ету құқығын бермейді. Компания активтерді сату үшін емес, олардан дивиденді алып отыру мақсатында ұстап отыруға ниетті. Компания бұл ҚЕХС-мен рұқсат етілген жағдайда есептік саясатты таңдау мүмкіндігін қолданады. Компания сатып алынған активті қандай баға бойынша бағалайды?

- а) басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша;
- б) пайда мен залалдар арқылы әділ құн бойынша;
- в) үлестік қатысу әдісі бойынша;
- г) амортизацияланған құн бойынша.

4.5 Есептік жылдың 01 сәуірінде А компаниясы Б компаниясының 30% акцияларын 3 428 е.б. сомаға сатып алды. Келісімнің шарттары бойынша А компаниясы бірлескен кәсіпорынның басқа екі қатысушысымен бірге объектінің қызметін бірлескен түрде бақылайды. Есептік жыл ішінде кәсіпорын 680 е.б. мөлшерінде пайда тапты.

31 желтоқсанға қатысты жағдай бойынша Б компаниясының қоры А компаниясы сатқан 450 е.б. соманың тауарларын қамтыған болатын. А компаниясы жалпы пайда нормасы 20%-ға тең тауарларды сатады.

А компаниясы В компаниясының еншілес компаниясы болып табылады, кейінгісіне алдыңғы компания капиталының 80%-ы тиесілі.

Топтың есептік жылдағы біріктірілген есептілігінде көрсетілетін бірлескен кәсіпорынға салымдалған инвестицияның құны неге тең?

- а) 3 491 е.б.;
- б) 3 554 е.б.;
- в) 3 605 е.б.;
- г) 3 632 е.б.

4.6 Төменде келтірілген жағдайлардың қайсысында салық салынатын уақыт айырмасы туындайтынын анықтаңыз.

- 1) Активтің баланстық құны > Активтің салықтық базасы;
- 2) Міндеттеменің баланстық құны > Міндеттеменің салықтық базасы;
- 3) Активтің баланстық құны > Активтің салықтық базасы;
- 4) Міндеттеменің баланстық құны > Міндеттеменің салықтық базасы.

- а) 1 мен 2;
- б) 2 мен 3;
- в) 3 пен 4;
- г) 1 мен 4.

4.7 Төменде көрсетілген баптардың қайсысы монетарлық деп сыныпталады?

- а) Шетел валютасымен алынған заем;
- б) Импорттық жабдықтың алдағы уақыттағы жеткізілуі үшін төленген аванс;
- в) Әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлік;
- г) Дайын өнім.

4.8 Жалдау келісімшартының шарттары бойынша жалға алушы қызмет мерзімі 5 жылға тең өндірістік жабдықты алады. Келісімшарт 3 жылға арнап жасалған, әр жылдың соңында 12,000 е.б. төленеді. Есептелген пайыздық мөлшерлеме 10%. IFRS 16 «Жалға алу-жалға беру» бабына сәйкес жалдау активінің бастапқы құны қандай?

- а) 9 016 е.б.;
- б) 12 000 е.б.;
- в) 29 844 е.б.;
- г) 36 000 е.б.

4.9 1 қаңтарда компания жабдықты 5 жылға жалға алды. Жалдау басталған күні жалдау объектісінің пайдалы қызмет мерзімі 10 жылға бағаланады. Шарт талаптары бойынша компания әрбір жалдау жылының соңында 80 000 е.б. мөлшерінде тұрақты жалдау төлемдерін жүргізеді. Компанияның объектіні пайдалану орнына жеткізу және оны монтаждау бойынша тікелей шығындары 6 800 е.б. құрады. Жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін компания жабдықты жалға берушінің аумағына қайтаруға міндетті. Компанияның бөлшектеу және жалға берушіге жеткізу шығындары 5000 е.б. мөлшерінде бағаланады. Дисконттау мөлшерлемесі ретінде компания заемдық капиталға 7% көлемінде пайыздың өсімдік мөлшерлемесін қолданады. Осы дисконттау мөлшерлемесі бойынша бес жыл бойы әр жылдың соңында төлеуге жататын 1 е.б. келтірілген құны 4,100 е.б. құрайды. Бесінші жылдың соңында 7% мөлшерлеме бойынша төленетін 1 е.б. келтірілген құны 0,713 е.б. тең.

Жалдаудың алғашқы жылының соңына қарсы пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны неге тең?

- а) 266 400 е.б.;
- б) 267 840 е.б.;
- в) 270 692 е.б.;
- г) 271 840 е.б.

4.10 2023 жылғы 01 қазанда А компаниясы кеңсе ғимаратын 20 млн. е.б. бағамен сатып алды. Сол күнге қатысты ғимараттың пайдалы қызметінің бағаланған мерзімі 40 жылды құрайды. Бұл бағалау қайта қаралған жоқ. Ғимараттың бағасы әр 10 жыл сайын өзгертіп отыруды қажет ететін заманауи қауа баптау мен жылыту жүйесінің құнын қамтиды. 2023 жылғы 1 қазандағы бағамен мұндай ауыстырудың құны 2 млн. е.б. тең. Егер ғимарат сатып алынған сәттен бастап пайдалануға жарамды болса, 2023 жылғы есептілікте амортизация бойынша шығыстардың қандай сомасы танылды?

- а) 125 000 е.б.;
- б) 137 500 е.б.;
- в) 162 500 е.б.;
- г) 500 000 е.б.

4.11 Есептік күн мен қаржылық есептілікті бекіту күні арасындағы кезеңде компания ірі сомаға сатып алуды жүзеге асырды. Компанияға қандай әрекеттерді жасау қажет?

- а) Қаржылай есептілікті түзету;
- б) Операцияны қаржылық есеп берулерге арналған ескертулерде көрсету;
- в) Бұл ақпаратты елеусіз қалдыру;
- г) Жаңа есептілікті әзірлеу.

4.12 2023 жылдың 30 сәуіріндегі жағдай бойынша компания соттық тергеу процесінің қатысушысы болып отыр. Заңгерлердің пікірінше, компания істе жеңіліске ұшырап, нәтижесінде 2 жылдан кейін 1 500 000 е.б. төлеуге мәжбүр болады деген 80% ықтималдық орын алуда. Компания капиталының құны 10%. 2023 жылғы 30 сәуірдегі қаржылық жағдай туралы есепте компания сот талқылауы бойынша бағалау міндеттемесінің қанша сомасын мойындайды?

- а) бағалау міндеттемесін мойындамайды;
- б) 991 740 е.б.;
- в) 1 239 675 е.б.;
- г) 1 500 000 е.б.

4.13 2023 жылы «Терра» компаниясы төмендегідей операцияларды жүзеге асырды:

	е.б.
Жер сату	170 000
Дивиденділер бойынша ақшалай төлемдер	40 000
Меншікті акцияларды сатып алу	62 000
Жабдықты сатып алу	415 000
Қарапайым акцияларды шығару	320 000
Облигацияларды сатып алу	59 000

Компания 2023 жылғы ақша қаражатының қозғалысы туралы есебінде инвестициялық қызмет барысында түскен (төленген) таза ақша ағымы ретінде қандай соманы көрсетуі керек.

- а) Түсу 304 000 е.б.;
- б) Шығу 304 000 е.б.;
- в) Түсу 388 000 е.б.;
- г) Шығу 344 000 е.б.

4.14 «Лагуна» компаниясы жанама әдісті қолдана отырып, 2023 жылғы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті әзірлейді. Төменде есепке әсер етуі мүмкін операциялардың тізімі берілген. Компанияның 2023 жылғы операциялық қызметінен түскен ақша қаражаттарының қозғалысын есептеу кезінде төмендегі операциялардың қайсысы таза пайдаға қосылатынын анықтаңыз.

1. Дебиторлық берешектің өсуі
 2. Дебиторлық берешектің азаюы
 3. Акцияларды шығару
 4. Амортизацияға қатысты шығындар
 5. Жерді баланстық құн бойынша сату
 6. Жерді пайдамен сату
 7. Жер мен ғимаратты сатып алу
 8. Кредиторлық берешектің өсуі
 9. Кредиторлық берешектің азаюы
- а) 1, 4, 9 операциялар;
 - б) 2, 4, 5, 6, 9 операциялар;
 - в) 2, 3, 4, 7, 9 операциялар;
 - г) 2, 4, 8 операциялар.

4.15 2023 жылғы 1 шілдеде А компаниясы тауарларды шетелдік жеткізушіден сатып алу жөнінде шарт жасасты. Бұл сатып алу 2023 жылғы 31 желтоқсанда жасалуы және төленуі тиіс. А компаниясы туынды бағалы қағаздарды сатып алу арқылы осы сатып алу бойынша ақша ағындарының тәуекелін хеджирлеуді шешті. Хеджирлеу хеджирлеу есебін пайдалану мақсаттары үшін барлық тиімділік талаптарына сәйкес келді. 2023 жылғы 30 қыркүйекте туынды бағалы қағаздары оң әділ құнына ие болды, бұл А компаниясының 400 000 е.б. сома көлемінде пайда алуына әкелді. 1 шілдеден 30 қыркүйекке дейін тауарларды сатып алуға қатысты күтілетін ақша ағындары 380 000 е.б. артты. А компаниясы басқа жиынтық кірісте қандай соманы ақша ағындарын хеджирлеу құралы ретінде жіктелген туынды бағалы қағаздардан түскен пайда деп танитын болады?

- а) 20 000 е.б.;
- б) 380 000 е.б.;
- в) 400 000 е.б.;
- г) 780 000 е.б.

4.16 2024 жылғы 31 наурызда А компаниясы негізгі құралдар объектілерінің бірін сатуды шешті. Актив дереу түрде сатылуға дайын және 300 000 е.б. сұратылған баға нарықтық бағаға барабар. Сатуға қатысты шығыстар 50 000 е.б. мөлшерінде бағаланды. Сату туралы шешім қабылдау сәтінде активтің тазабаланстық құны 320 000 е.б. құрады. Актив қайта бағаланған күн бойынша есепке алынады, қайта бағалау резерві 90 000 ш. б. құрады. А компаниясы 2024 жылғы 31 наурызда аяқталған жылдағы пайда немесе залал туралы өзінің есебінде активтің құнсыздануынан болған қандай шығынды таниды?

- а) 40 000 е.б.;
- б) 20 000 е.б.;
- в) 50 000 е.б.;
- г) 70 000 е.б.

4.17 «Лютик» компаниясының 2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы таза дебиторлық берешегінің қалдығы соған сәйкес 4 000 000 е.б. және 4 200 000 е.б. құрады. 2023 жылы қолма-қол ақшаға таза сатылу сомасы 500 000 е.б. құрады. Дебиторлық берешектің айналымдылығы 2023 жылы 6 ретке тең. «Лютик» компаниясының 2023 жылы қолма-қол ақшаға таза сатылу сомасы неге тең?

- а) 24 100 000 е.б.;
- б) 24 500 000 е.б.;
- в) 24 600 000 е.б.;
- г) 25 100 000 е.б.

4.18 «Costa» компаниясы яхталарды сатады және сатып алушыларына айлақтық құрылғыларды пайдалануға береді. Келісімшартқа сәйкес, «Costa» компаниясы яхталардың әрқайсысын 130 000 е.б. бағаға сатады және айлақтық құрылғыларды жылына 30 000 е.б. бағаға пайдалануға береді. «Costa» бұл тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеке-жеке сатады, демек олар бір-бірінен өзгешеленеді және орындауға жататын бөлек міндеттемелер ретінде ескеріледі. «Costa» компаниясы сатып алушымен оған яхтаны сату және айлақтық құрылғыны бір жылға 140 000 е.б. бағаға беру келісімшартын жасасады. «Costa» 140 000 е.б. мөлшеріндегі операцияның бағасын орындауға жататын міндеттемелердің арасында қалай бөлістіруі тиіс?

Яхталар

Айлақтық құрылғылар (көрсетілетін қызметтер)

- | | |
|---------------------------------------|--------------|
| <input type="radio"/> а) 108 750 е.б. | 31 250 е.б.; |
| <input type="radio"/> б) 110 000 е.б. | 30 000 е.б.; |
| <input type="radio"/> в) 113 750 е.б. | 26 250 е.б.; |
| <input type="radio"/> г) 130 000 е.б. | 10 000 е.б. |

4.19 IAS 40 «Инвестициялық меншік мүлкі» бабына сәйкес төмендегі мәлімдемелердің қайсысы қате болып табылады?

- а) Инвестициялық меншік объектісі бастапқыдан өзіндік құн бойынша бағаланып отыруы тиіс;
- б) Бастапқы мойындаудан кейін бастапқы құн бойынша есепке алу моделін таңдаған компания инвестициялық меншік объектілерінің барлығын жинақталған амортизация мен активтердің құнсыздануынан болған жинақталған залалды шегерумен, бастапқы құн бойынша көрсетіп отыруы тиіс;
- в) Егер инвестициялық меншік объектісі төлемді кейінге шегеру шартымен сатып алынса, ол сол үшін келешектегі ақшалай төлемдердің келтірілген (дисконтталған) құны бойынша танылады;
- г) Инвестициялық меншіктің әділ құнын өзгертуден туындаған пайда немесе залалды басқа жиынтық табыс арқылы қайта бағалау резервіне жатқызу қажет.

4.20 2023 жылдың 01 қаңтарына қатысты А компаниясының айналымында 150 000 қарапайым акция болған. 2023 жылдың 1 шілдесінде компания 40 000 қарапайым акция шығарды. Сондай-ақ айналымында 10 000 айырбасталмайтын артықшылықты акция болды. 2023 жыл бойынша акцияға қатысты пайданы есептеу кезінде бөлгішке акциялардың қандай саны енгізілуі тиіс?

- а) 170 000 акция;
- б) 180 000 акция;
- в) 190 000 акция;
- г) 200 000 акция.

емтихандық тапсырманың соңы

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

ТАБЛИЦА С-1 Текущая стоимость 1ДЕ за период

	1%	2%	3%	4%	5%	6%	7%	8%	9%	10%	11%	12%	13%	14%	15%	16%	17%	18%	19%	20%
1	0,99010	0,98039	0,97087	0,96154	0,95238	0,94340	0,93458	0,92593	0,91743	0,90909	0,90090	0,89286	0,88496	0,87719	0,86957	0,86207	0,85470	0,84746	0,84034	0,83333
2	0,98030	0,96117	0,94260	0,92456	0,90703	0,89000	0,87344	0,85734	0,84168	0,82645	0,81162	0,79719	0,78315	0,76947	0,75614	0,74316	0,73051	0,71818	0,70616	0,69444
3	0,97059	0,94232	0,91514	0,88900	0,86384	0,83962	0,81630	0,79383	0,77218	0,75131	0,73119	0,71178	0,69305	0,67497	0,65752	0,64066	0,62437	0,60863	0,59342	0,57870
4	0,96098	0,92385	0,88849	0,85480	0,82270	0,79209	0,76290	0,73503	0,70843	0,68301	0,65873	0,63552	0,61332	0,59208	0,57175	0,55229	0,53365	0,51579	0,49867	0,48225
5	0,95147	0,90573	0,86261	0,82193	0,78353	0,74726	0,71299	0,68058	0,64993	0,62092	0,59345	0,56743	0,54276	0,51937	0,49718	0,47611	0,45611	0,43711	0,41905	0,40188
6	0,94205	0,88797	0,83748	0,79031	0,74622	0,70496	0,66634	0,63017	0,59627	0,56447	0,53464	0,50663	0,48032	0,45559	0,43233	0,41044	0,38984	0,37043	0,35214	0,33490
7	0,93272	0,87056	0,81309	0,75992	0,71068	0,66506	0,62275	0,58349	0,54703	0,51316	0,48166	0,45235	0,42506	0,39964	0,37594	0,35383	0,33320	0,31393	0,29592	0,27908
8	0,92348	0,85349	0,78941	0,73069	0,67684	0,62741	0,58201	0,54027	0,50187	0,46651	0,43393	0,40388	0,37616	0,35056	0,32690	0,30503	0,28478	0,26604	0,24867	0,23257
9	0,91434	0,83676	0,76642	0,70259	0,64461	0,59190	0,54393	0,50025	0,46043	0,42410	0,39092	0,36061	0,33288	0,30751	0,28426	0,26295	0,24340	0,22546	0,20897	0,19381
10	0,90529	0,82035	0,74409	0,67556	0,61391	0,55839	0,50835	0,46319	0,42241	0,38554	0,35218	0,32197	0,29459	0,26974	0,24718	0,22668	0,20804	0,19106	0,17560	0,16151
11	0,89632	0,80426	0,72242	0,64958	0,58468	0,52679	0,47509	0,42888	0,38753	0,35049	0,31728	0,28748	0,26070	0,23662	0,21494	0,19542	0,17781	0,16192	0,14757	0,13459
12	0,88745	0,78849	0,70138	0,62460	0,55684	0,49697	0,44401	0,39711	0,35553	0,31863	0,28584	0,25668	0,23071	0,20756	0,18691	0,16846	0,15197	0,13722	0,12400	0,11216
13	0,87866	0,77303	0,68095	0,60057	0,53032	0,46884	0,41496	0,36770	0,32618	0,28966	0,25751	0,22917	0,20416	0,18207	0,16253	0,14523	0,12989	0,11629	0,10421	0,09346
14	0,86996	0,75788	0,66112	0,57748	0,50507	0,44230	0,38782	0,34046	0,29925	0,26333	0,23199	0,20462	0,18068	0,15971	0,14133	0,12520	0,11102	0,09855	0,08757	0,07789
15	0,86135	0,74301	0,64186	0,55526	0,48102	0,41727	0,36245	0,31524	0,27454	0,23939	0,20900	0,18270	0,15989	0,14010	0,12289	0,10793	0,09489	0,08352	0,07359	0,06491
16	0,85282	0,72845	0,62317	0,53391	0,45811	0,39365	0,33873	0,29189	0,25187	0,21763	0,18829	0,16312	0,14150	0,12289	0,10686	0,09304	0,08110	0,07078	0,06184	0,05409
17	0,84438	0,71416	0,60502	0,51337	0,43630	0,37136	0,31657	0,27027	0,23107	0,19784	0,16963	0,14564	0,12522	0,10780	0,09293	0,08021	0,06932	0,05998	0,05196	0,04507
18	0,83602	0,70016	0,58739	0,49363	0,41552	0,35034	0,29586	0,25025	0,21199	0,17986	0,15282	0,13004	0,11081	0,09456	0,08081	0,06914	0,05925	0,05083	0,04367	0,03756
19	0,82774	0,68643	0,57029	0,47464	0,39573	0,33051	0,27651	0,23171	0,19449	0,16351	0,13768	0,11611	0,09806	0,08295	0,07027	0,05961	0,05064	0,04308	0,03670	0,03130
20	0,81954	0,67297	0,55368	0,45639	0,37689	0,31180	0,25942	0,21455	0,17843	0,14864	0,12403	0,10367	0,08678	0,07276	0,06110	0,05139	0,04328	0,03651	0,03084	0,02608
21	0,81143	0,65978	0,53755	0,43883	0,35894	0,29416	0,24151	0,19866	0,16370	0,13513	0,11174	0,09256	0,07680	0,06383	0,05313	0,04430	0,03699	0,03094	0,02591	0,02174
22	0,80340	0,64684	0,52189	0,42196	0,34185	0,27751	0,22571	0,18394	0,15018	0,12285	0,10067	0,08264	0,06796	0,05599	0,04620	0,03819	0,03162	0,02622	0,02178	0,01811
23	0,79544	0,63416	0,50669	0,40573	0,32557	0,26180	0,21095	0,17032	0,13778	0,11168	0,09069	0,07379	0,06014	0,04911	0,04017	0,03292	0,02702	0,02222	0,01830	0,01509
24	0,78757	0,62172	0,49193	0,39012	0,31007	0,24698	0,19715	0,15770	0,12640	0,10153	0,08170	0,06588	0,05323	0,04308	0,03493	0,02838	0,02310	0,01883	0,01538	0,01258
25	0,77977	0,60953	0,47761	0,37512	0,29530	0,23300	0,18425	0,14602	0,11597	0,09230	0,07361	0,05882	0,04710	0,03779	0,03038	0,02447	0,01974	0,01596	0,01292	0,01048
26	0,77205	0,59758	0,46369	0,36069	0,28124	0,21981	0,17220	0,13520	0,10639	0,08391	0,06631	0,05252	0,04168	0,03315	0,02642	0,02109	0,01687	0,01352	0,01086	0,00874
27	0,76440	0,58586	0,45019	0,34682	0,26785	0,20737	0,16093	0,12519	0,09761	0,07628	0,05974	0,04689	0,03689	0,02908	0,02297	0,01818	0,01442	0,01146	0,00912	0,00728
28	0,75684	0,57437	0,43708	0,33348	0,25509	0,19563	0,15040	0,11591	0,08955	0,06934	0,05382	0,04187	0,03264	0,02551	0,01997	0,01567	0,01233	0,00971	0,00767	0,00607
29	0,74934	0,56311	0,42435	0,32065	0,24295	0,18456	0,14056	0,10733	0,08215	0,06304	0,04849	0,03738	0,02889	0,02237	0,01737	0,01351	0,01053	0,00823	0,00644	0,00506
30	0,74192	0,55207	0,41199	0,30832	0,23138	0,17411	0,13137	0,09938	0,07537	0,05731	0,04368	0,03338	0,02557	0,01963	0,01510	0,01165	0,00900	0,00697	0,00541	0,00421

ТАБЛИЦА С-2 Текущая стоимость аннуитета 1ДЕ за период

	1%	2%	3%	4%	5%	6%	7%	8%	9%	10%	11%	12%	13%	14%	15%	16%	17%	18%	19%	20%
1	0,99010	0,98039	0,97087	0,96154	0,95238	0,94340	0,93458	0,92593	0,91743	0,90909	0,90090	0,89286	0,88496	0,87719	0,86957	0,86207	0,85470	0,84746	0,84034	0,83333
2	1,97040	1,94156	1,91347	1,88609	1,85941	1,83339	1,80802	1,78326	1,75911	1,73554	1,71252	1,69005	1,66810	1,64666	1,62571	1,60523	1,58521	1,56564	1,54650	1,52778
3	2,94099	2,88388	2,82861	2,77509	2,72325	2,67301	2,62432	2,57710	2,53129	2,48685	2,44371	2,40183	2,36115	2,32163	2,28323	2,24589	2,20958	2,17427	2,13992	2,10648
4	3,90197	3,80773	3,71710	3,62990	3,54595	3,46511	3,38721	3,31213	3,23972	3,16987	3,10245	3,03735	2,97447	2,91371	2,85498	2,79818	2,74324	2,69006	2,63859	2,58873
5	4,85343	4,71346	4,57971	4,45182	4,32948	4,21236	4,10020	3,99271	3,88965	3,79079	3,69590	3,60478	3,51723	3,43308	3,35216	3,27429	3,19935	3,12717	3,05763	2,99061
6	5,79548	5,60143	5,41719	5,24214	5,07569	4,91732	4,76654	4,62288	4,48592	4,35526	4,23054	4,11141	3,99755	3,88867	3,78448	3,68474	3,58918	3,49760	3,40978	3,32551
7	6,72819	6,47199	6,23028	6,00205	5,78657	5,58238	5,38929	5,20637	5,03295	4,86842	4,71220	4,56376	4,42261	4,28830	4,16042	4,03857	3,92238	3,81153	3,70570	3,60459
8	7,65168	7,32548	7,01969	6,73274	6,46321	6,20979	5,97130	5,74664	5,53482	5,33493	5,14612	4,96764	4,79877	4,63886	4,48732	4,34359	4,20716	4,07757	3,95437	3,83716
9	8,56602	8,16224	7,78611	7,43533	7,10782	6,80169	6,51523	6,24689	5,99525	5,75902	5,53705	5,32825	5,13166	4,94637	4,77158	4,60654	4,45057	4,30302	4,16333	4,03097
10	9,47130	8,98259	8,53020	8,11090	7,72173	7,36009	7,02358	6,71008	6,41766	6,14457	5,88923	5,65022	5,42624	5,21612	5,01877	4,83323	4,65860	4,49409	4,33893	4,19247
11	10,36763	9,78685	9,25262	8,76048	8,30641	7,88687	7,49867	7,13896	6,80519	6,49506	6,20652	5,93770	5,68694	5,45273	5,23371	5,02864	4,83641	4,65601	4,48650	4,32706
12	11,25508	10,57534	9,95400	9,38507	8,86325	8,38384	7,94269	7,53608	7,16073	6,81369	6,49236	6,19437	5,91765	5,66029	5,42062	5,19711	4,98839	4,79322	4,61050	4,43922
13	12,13374	11,34837	10,63496	9,98565	9,39357	8,85268	8,35765	7,90378	7,48690	7,10336	6,74987	6,42355	6,12181	5,84236	5,58315	5,34233	5,11828	4,90951	4,71471	4,53268
14	13,00370	12,10625	11,29607	10,56312	9,89864	9,29498	8,74547	8,24424	7,78615	7,36669	6,98187	6,62817	6,30249	6,00207	5,72448	5,46753	5,22930	5,00806	4,80228	4,61057
15	13,86505	12,84926	11,93794	11,11839	10,37966	9,71225	9,10791	8,55948	8,06069	7,60608	7,19087	6,81086	6,46238	6,14217	5,84737	5,57546	5,32419	5,09158	4,87586	4,67547
16	14,71787	13,57771	12,56110	11,65230	10,83777	10,10590	9,44665	8,85137	8,31256	7,82371	7,37916	6,97399	6,60388	6,26506	5,95423	5,66850	5,40529	5,16235	4,93770	4,72956
17	15,56225	14,29187	13,16612	12,16567	11,27407	10,47726	9,76322	9,12164	8,54363	8,02155	7,54879	7,11963	6,72909	6,37286	6,04716	5,74870	5,47461	5,22233	4,98966	4,77463
18	16,39827	14,99203	13,75351	12,65930	11,68959	10,82760	10,05909	9,37189	8,75563	8,20141	7,70162	7,24967	6,83991	6,46742	6,12797	5,81785	5,53385	5,27316	5,03333	4,81219
19	17,22601	15,67846	14,32380	13,13394	12,08532	11,15812	10,33560	9,60360	8,95011	8,36492	7,83929	7,36578	6,93797	6,55037	6,19823	5,87746	5,58449	5,31624	5,07003	4,84350
20	18,04555	16,35143	14,87747	13,59033	12,46221	11,46992	10,59401	9,81815	9,12855	8,51356	7,96333	7,46944	7,02475	6,62313	6,25933	5,92884	5,62777	5,35275	5,10086	4,86958
21	18,85698	17,01121	15,41502	14,02916	12,82115	11,76408	10,83553	10,01680	9,29224	8,64869	8,07507	7,56200	7,10155	6,68696	6,31246	5,97314	5,66476	5,38368	5,12677	4,89132
22	19,66038	17,65805	15,93692	14,45112	13,16300	12,04158	11,06124	10,20074	9,44243	8,77154	8,17574	7,64465	7,16951	6,74294	6,35866	6,01133	5,69637	5,40990	5,14855	4,90943
23	20,45582	18,29220	16,44361	14,85684	13,48857	12,30338	11,27219	10,37106	9,58021	8,88322	8,26643	7,71843	7,22966	6,79206	6,39884	6,04425	5,72340	5,43212	5,16685	4,92453
24	21,24339	18,91393	16,93554	15,24696	13,79864	12,55036	11,46933	10,52876	9,70661	8,98474	8,34814	7,78432	7,28288	6,83514	6,43377	6,07263	5,74649	5,45095	5,18223	4,93710
25	22,02316	19,52346	17,41315	15,62208	14,09394	12,78336	11,65358	10,67478	9,82258	9,07704	8,42174	7,84314	7,32998	6,87293	6,46415	6,09709	5,76623	5,46691	5,19515	4,94759
26	22,79520	20,12104	17,87684	15,98277	14,37519	13,00317	11,82578	10,80998	9,92897	9,16095	8,48806	7,89566	7,37167	6,90608	6,49056	6,11818	5,78311	5,48043	5,20601	4,95632
27	23,55961	20,70690	18,32703	16,32959	14,64303	13,21053	11,98671	10,93516	10,02658	9,23722	8,54780	7,94255	7,40856	6,93515	6,51353	6,13636	5,79753	5,49189	5,21513	4,96360
28	24,31644	21,28127	18,76411	16,66306	14,89813	13,40616	12,13711	11,05108	10,11613	9,30657	8,60162	7,98442	7,44120	6,96066	6,53351	6,15204	5,80985	5,50160	5,22280	4,96967
29	25,06579	21,84438	19,18845	16,98371	15,14107	13,59072	12,27767	11,15841	10,19828	9,36961	8,65011	8,02181	7,47009	6,98304	6,55088	6,16555	5,82039	5,50983	5,22924	4,97472
30	25,80771	22,39646	19,60044	17,29203	15,37245	13,76483	12,40904	11,25778	10,27365	9,42691	8,69379	8,05518	7,49565	7,00266	6,56598	6,17720	5,82939	5,51681	5,23466	4,97894

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ